

## "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Сарықөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 ақпанды № 91 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 наурызда № 5387 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Сарықөл ауданы әкімдігінің 06.05.2016 № 112 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 41-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабына сәйкес Сарықөл ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарықөл ауданы әкімінің  
міндеттін атқарушы*

А. Жақсыбаев

Сарықөл ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 20 ақпанды  
№ 91 қаулысымен  
бекітілген

## **"Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі"**

### **мемлекеттік мекемесі туралы**

#### **ЕРЕЖЕСІ**

##### **1. Жалпы ережелер**

1. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

мынадай ведомствосы бар:

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сарықөл ауданы әкімдігінің "Ақтаң" ветеринарлық станциясы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

3. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоттары болады.

5. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдегі берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 111600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Сарықөл ауданы, Сарықөл кенті, Мендеке Батыр көшесі, 1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру

құқығы берілсе, онда осындай қызметтөн алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: - өз құзіреттілігі шегінде ветеринария облысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің міндеттері:

- 1) халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
- 2) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
- 3) ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын-алу және оны жою.

16. Функциялары:

- 1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
- 3) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
- 4) жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру ;
- 5) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (заарсыздандыру) және қайта өндеуін ұйымдастыру;
- 6) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып

қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне етеу;

7) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

8) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

9) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы түрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;

экспортын (импортын) және транзиттін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

10) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндірге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге

асыру;

11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

12) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

13) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;

14) облыстың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

15) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

16) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ауданның ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу.

17) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

## 17. Ведомстволардың функциялары:

1) жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету;

4) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды өткізу;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірмелер беру;

6) биологиялық материалдың сынамаларын алууды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу;

7) ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

## 18. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, күжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
- 2) Республика зандарын, облыс және аудан әкімдерінің актілері мен тапсырмаларын орындау барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюды талап ету;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтырды және міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру**

19. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімінің өкімімен қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

21. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмысын үйымдастырады және басқарады;
- 2) "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерін орындауға жеке жауапты болады, энзоотиялық және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша ветеринарлық іс-шаралар жүргізуге бөлінген бюджеттік қаражатты нысаналы пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 3) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша қабылданбаған шараларға жеке жауапты болады;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіpte қызметкерлерді қызметке тағайындаиды және лауазымынан босатады;
- 5) "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің өкілеттілігі мен міндеттерін анықтайды;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;
- 7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттілігін ол жоқ болған кезінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес орнын ауыстыратын тұлға жүзеге асырады.

### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**"Сарықөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесіне және оның ведомстволарының  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Сарықөл ауданы әкімдігінің "Ақтан" ветеринарлық станциясы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі.